

bl.group.name__age

Балаларға арналған әңгімелер: Ескермес Сәрсенбаев «Әділ шешім»

Ескермес Сәрсенбаев «Әділ шешім».

Орман төресі айбарлы Арыстанға Қоңыр аюдың үстінен арыз жазылды. Арызда бітік өскен таңқурайлы сайды мекендеп, қорып, оған түскен Шошқаның торайын таспен ұрып көзін шығарып, Ешкі лағының сирағын сындырған, бұзаулы Сиырдың мүйізін қағып түскені мәлімделді. Ормандағы бар жаунарлар жиналып Қоңыр аюдың мәселесін қарады.

– Аюеке сенің мінезің момақан еді, не себепті Шошқа, Ешкі, Сиырларға қиянат жасадың? – деді айбарланған Арыстан.

– Уа, тақсыр менен бір білместік өтті. Оларға жазықсыз қастандық жасаған жоқпын. Бар кінә өздерінде.

– Неліктен?

– Шошқа торайын ертіп алып, қорс-қорс етіп, пісіп тұрған таңқурайдың түбін қопарды. Бір күндік емес келешектің жемісі емес пе? Таңқурайды аядым.

Шошқаны үркітейін деп тас лақтырып едім, торайына тиіп, көзін шығардым. Ол үшін әрине кінәлімін. Қоңыр аю иіліп келіп еңкейді. Айбарланған Арыстан Қоңыр аюдан мұны күтпеген еді, оған іші жылып қалды. Дұрыс айтасың, келешек өнімді қорғау бәріміздің ортақ борыш. Шошқа таңқурайды қопарғаның рас па?

– Рас, еді тақсыр.

– Ендеше, қоңыр аю емес, өзің кінәлісің.

– Ешкі не істеді, Аюеке?

– Лағын ертіп алып таңқурайдың піскен жемісін төгіп, сабағын шорт-шорт үзді.

– Ешкі де айыпты, ал сиыр не істеді?

– Бұзауымен ары-бері жүріп таңқурайды таптады.

– Сиыр да кінәлі. Таңқурайдың тағдырын ойлаған Қоңыр аюда еш жазық жоқ.

Арыз жазғандар жауапқа тартылсын. Айбарланған арыстан әділ шешім шығарды. Жала жапқандардан құтылған Қоңыр аю таңқурайлы сайға қарай томпаңдап, ақырын аяңдай берді.



